# «АМАН МУНАЙ ЭКСПЛОРЭЙШН» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ («АМАН МУНАЙ ЭКСПЛОРЭЙШН» АҚ)

# АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

**1.** Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектіде мазмұндалған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстарды ұсынуды білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуіне ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды.

# 1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

## 2. Акционерлік қоғамның атауы.

**Акционерлік қоғамның толық және қысқартылған атауы:**

| | Толық атауы | Қысқартылған атауы |
|---|---|---|
| Мемлекеттік тілде | «Аман Мунай Эксплорэйшн» Акционерлік Қоғамы | «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ |
| Орыс тілінде | Акционерное Общество «Аман Мунай Эксплорэйшн» | АО «Аман Мунай Эксплорэйшн» |
| Ағылшын тілінде | «Aman Munai Exploration» Joint Stock Company | «Aman Munai Exploration» JSC |

«Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ (әрі қарай – «**Қоғам**») қайта құрылған заңды тұлға болып табылады. Қоғамның болашақтағы толық және қысқартылған атауы жоқ.

## 3. Акционерлік қоғамның мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) туралы мәліметтері.

Қоғам Алматы қаласының Әділет департаментінің Медеу ауданының Әділет басқармасымен 2013 жылғы 19 маусымда тіркелді, № 3343-1910-06-АҚ (ИУ), БСН 130640014700. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу анықтамасы 2013 жылғы 15 шілдеде электрондық үкімет порталымен құрылған.

## 4. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.05.07 ж. № 155 қаулысымен жойылған.

## 5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, телефондары және факстері, электрон поштасының мекен-жайлары туралы ақпараттар.

| | |
|---|---|
| Орналасқан жері | Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Достық д-лы, 117/6, 6-қабат |
| Байланыс телефондарының және факс нөмірлері | +7 727 390 11 27 |
| Электронды мекенжайы | Осы Проспектіні әзірлеген сәтте болған жоқ |
| Web-сайт | Осы Проспектіні әзірлеген сәтте болған жоқ |

## 6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері.

| | |
|---|---|
| Банк атауы | «Казкоммерцбанк» АҚ |
| БИК | KZKOKZKX |
| Шот нөмірі (теңге) | № KZ599261802168772000 |
| БСН | 130640014700 |

## 7. Акционерлік қоғамның қызмет түрлері.

- Холдингтік қызмет: Қазақстан Республикасындағы көмірсутек активтерін бақылау және басқару;
- Энергетикалық кешенді дамытудың перспективті жобаларын әзірлеу және іске асыру, олардың орындалуын бақылау;
- Көтерме және бөлшек сауданы ұйымдастыру;
- Ғылыми-техникалық әзірлемелер, өндіріс және әлеуметтік бағдарламалар экологиясы саласындағы стратегиялар мен тактикаларды қалыптастыру;

- Өкілдік қызметі, маркетинг, инжиниринг;
- Темір жол және өзге көлікпен жүктерді тасымалдау;
- Көмірді өндіруге және сатуға қажетті машиналарға, жабдықтарға және оның қажеттіліктеріне қызмет көрсету және жөндеу;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласы бойынша кәсіпорын қызметкерлерін оқыту, сондай-ақ, кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру, қажет жағдайда оқыту бағдарламаларын әзірлеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- Коммерциялық қызметті басқару қызметтері;
- Инвестициялық жобаларды әзірлеу және басқару;
- инвестицияларды тарту және инвестициялық қызмет;
- кеңес беру, ақпараттық және талдау қызметтерін ұсыну;
- Қоғамның корпоративтік мақсаттарына қол жеткізуге қажетті көлемде импорттау және экспорттау операцияларын жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде Мүлікті, соның ішінде жылжымайтын мүлікті өзге тәсілмен жалға алу, сату, сатып алу немесе алу және осындай мүлікті Қоғам мақсаттарына пайдалану немесе оны басқа тұлғаларға қосалқы жалға беру;
- Қоғамның шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қажетті немесе ниетті жабдықтарды, материалдарды және қызметтерді сатып алу, Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлерде тәуелсіз жеткізушілерді іріктеп алу;
- Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі кездесулерге, семинарларға, көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысу;
- Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде қызметерлерді жалдау және шетел қызметкерлерін Қазақстан Республикасына заңды кіруін және одан заңды шығарылуын ұйымдастыру;
- теңгемен және басқа валютада қаржыландыруды қоса алғанда, Қоғамның шарттық міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін оның активтерін кепілге беру және кепілдіктер ұсыну;
- одақтарға, қауымдастықтарға және басқа кез келген бірлестіктерге қатысу;
- Қазақстан Республикасына және одан тыс жерлерде барлық рұқсат етілген инвестицияларды жүзеге асыру;
- Заңнамаға сәйкес құрылған заңды тұлғаларға тыйым салынбаған Қоғам мақсаттарына қол жеткізуге қажетті басқа шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

**8. Акционерлік қоғамға немесе олармен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.**

Акционерлік қоғамға немесе олармен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен рейтингтер берілмеген, сонымен қатар Қоғамға қаржы агенттігі мәртебесі берілген жоқ.

**9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген мерзімдері, орналасқан жерлері және пошталық мекен-жайлары.**

Қоғамның филиалдары  және өкілдіктері жоқ.

**10. Акционерлік қоғамның тиісті алқалылыққа (қауымдастықтарға, палаталарға) қажеттілігін көрсетумен соңғы аяқталған үш қаржы жылы бойынша қаржылық есептемесінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырушы) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, әкесінің аты).**

Проспектіні уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғам аудиторлық қызметтер көрсету туралы шарттар жасаған жоқ.

**Акционерлік қоғамның тиісті алқалылыққа (қауымдастықтарға, палаталарға) қажеттілігін көрсетумен соңғы аяқталған үш қаржы жылы бойынша тиісті қызметтер көрсетутуралы шарттары жасалған заңды және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы.**

Проспектіні уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғам заңи кеңесшілермен шарттар жасаған жоқ.

Қаржылық кеңесші: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Еншілес кәсіпорны «Halyk Finance» (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 19/1, «Нурлы Тау» БО, 3Б, 6 қабат; тел: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93), «Қазақстан қаржыгерлерінің Ассоциациясы» және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ЖТО мүшесі болып табылады Қазақстан Республикасы қаржылық нарықты бақылау және реттеу бойынша Агенттіктің 2008 ж 26 желтоқсанында № 4.2.92/28 құнды қағаздарды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Қаржы кеңесшісі, 2013 жылғы 15 шілдеде Эмитентпен жасалған, нөмірсіз, Қаржылық қызметтерді көрсету туралы шарт негізінде өзінің қызметін жүзеге асырады.

Аудиторлық компаниялармен және кеңесшілермен шарттарды бұзу фактілері болған жоқ.

**11. Қоғаммен корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (егер оны қабылдау Қоғам жарғысымен қарастырылса).**

Корпоративтік басқару кодексі Қоғам акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін бекітіледі.

**11-1. Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе құрылтай жиналысымен АҚ акцияларды сатып алу кезінде акциялар құнын анықтау әдістемесін бекіткен күні.**

Акцияларды Қоғаммен сатып алу кезінде акциялар құнын анықтау әдістемесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қоғамның жалғыз құрылтайшысымен 2013 жылғы 5 маусымда бекітілді.

## 2. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

**12. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.**

Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесі Жалғыз Акционердің шешімімен сайланған 3 (үш) Директордан құралады, избираемых решением Единственного Акционера, оның 1 (біреуі) Тәуелсіз директор болып табылады. Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің жеке құрамы бекітілген жоқ.

**12-1. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (болған жағдайда).**

Директорлар кеңесінің комитеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады, Комитеттердің құзыреттері және дербес құрамы Қоғамда Директорлар кеңесін қалыптастырғаннан кейін анықталады.

**12-2. Тұрақты банк - банкті басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті тұлғаны (уәкілетті тұлғаларды) білдіреді.**

Қоғам тұрақты банк емес.

**12-3. Ішкі аудит қызметі (ол болған жағдайда).**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның ішкі аудит қызметінің дербес құрамы бекітілмеген.

**13. Акционерлік қоғамның алқалы (біртұлғалы) атқарушы органы.**

Жарғыға сәйкес Қоғамда дара атқарушы орган құрылады, Қоғамның атқарушы органы ретінде Бас директор әрекет етеді. Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның Бас директоры тағайындалмады (сайланбады).

**14. Соңғы қаржы жылы бойынша Қоғам Проспектісінің 12 және 13 тармақтарында көрсетілген тұлғаларға төленген және ұсынылған сыйақының және жалақының жалпы сомасы, сондай-ақ, жеңілдіктері**

Проспектіні уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның тағайындалған басқарушы тұлғаларының болмауына байланысты аталмыш тұлғаларға сыйақылар төленген жоқ.

**15. Акционерлік қоғамның ұйымдастыру құрылымы.**

**1) Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері:**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қалыптасқан жоқ, қызметкерлерді жалдау жүзеге асырылмады.



**2) Акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлері:**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның штаттық кестесі бекітілген жоқ;

**3) Акционерлік қоғамның акцияларына ие акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және орнықтырылған акциялардың жалпы мөлшеріне шаққандағы олардың жиынтық үлесі:**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның акцияларын иемденетін қызметкерлер болған жоқ;

**4) Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер:**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болған жоқ;

**5) Филиалдардың және өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер:**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері құрылған жоқ.

**16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері.**

Қоғамның жалғыз құрылтайшысы Aman Munai Exploration B.V. болып табылады.
Қоғамның жалғыз құрылтайшысы алдын ала Қоғамның 26 220 170 дана жәй акцияларын (100% дауыс беруші акциялар) төледі. Олардың әрқайсысының номиналды құны 1000 теңге. Акциялар жалғыз құрылтайшының меншік құқығындағы «Аман Мунай» ЖШС жарғылық капиталындағы 100 % қатысу үлесін енгізу арқылы алдын ала 2013 жылғы «01» шілдеде төленді.

| Атауы | Орналасқан жері | Қоғамға тиесілі жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің пайыздық қатынасы | Акционер орнықтырылған акциялардың он және одан артық пайызына ие болған күн | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| Aman Munai Exploration B.V. | Стравинскилаан 1151, 1077XX, Амстердам Зюйдоост, Нидерланды | Қоғамның жалғыз құрылтайшысы әрқайсының атаулы құны 1 000 теңге Қоғамның 26 220 170 дана жәй акциялары (100 пайыз дауыс беруші акциялар) алдын ала төленген. Акцияларды алдын ала төлеу жалғыз құрылтайшыға оның меншік құқығымен тиесілі «Аман Мунай» ЖШС жарғылық капиталына 100 пайыз қатысу үлесін енгізу арқылы 2013 жылғы 01 | Құрылтайшыға қолданылмайды | 100% қатысу үлесімен ірі қатысушы Aman Munai Exploration B.V. ретінде Aman Munai Exploration BVBA әрекет етеді. (Орналасқан жері: Диамантлаан 24 1030 Брюссель Бельгия) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | шілдеде жүзеге асырылды | | |

**17. Акционерлік қоғамның ірі акционер ретінде немесе мекеменің жарғылық капиталындағы он және одан артық үлесіне ие мекемелер туралы мәліметтер.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғам қандай да бір заңды тұлғалардың акционері немесе қатысушысы болған жоқ.

**18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпараттар.**

Қоғам өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

**19. Басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болған жоқ.

**20. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен мәмілелер жасалған жоқ.

# 3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

**21. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлерінің қысқаша анықтамасы, акционерлік қоғамның бәсекелес ұйымдары туралы мәліметтер.**

**1. Қоғамның қызмет түрлері:**

- Холдингтік қызмет: Қазақстан Республикасындағы көмірсутек активтерін бақылау және басқару;
- Энергетикалық кешенді дамытудың перспективті жобаларын әзірлеу және іске асыру, олардың орындалуын бақылау;
- Инвестициялық жобаларды әзірлеу және басқару;
- инвестицияларды тарту және инвестициялық қызмет

**2. Акционерлік қоғамның бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:**

Проспектіні уәкілетті органда тіркеу үшін оны ұсынған күні Қоғам қайта құрылған болып табылады, Қоғамның тікелей бәсекелес болып табылатын ұйымдары жоқ.

**3. Егер бұл мүмкін болса, Қазақстан Республикасының ішінде және орташа әлемдегі орташа салалық көрсеткіштермен акционерлік қоғам қызметінің салыстырмалы сипаттамасы:**

Қазақстан Республикасының ішінде және орташа әлемде орташа салалық көрсеткіштермен акционерлік қоғамның қызметін салыстырмалы талдау мүмкін емес.

**4. Осы саладағы акционерлік қоғам жағдайын және саласын дамыту бойынша болжам:**

Қазіргі уақытта Қоғамның саладағы жағдайын бағалау мүмкін емес.

**22. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне оң және кері әсер ететін факторлар.**

**Оң факторлар:**

- Халықаралық деңгейде мұнай мен газ бағасының артуы
- Қазақстан Республикасының экономикалық деңгейін арттыру және саяси тұрақтылықты сақтау,
- Қоғамның өндірістік инфрақұрылымын жаңарту және көмірсутек шикізаттарын қазу, барлау және өндіру кезінде жаңа технологияларды қолдану.

**Теріс факторлар:**

- Қоғам мүдделерін қозғайтын заңнамадағы өзгерістер
- Халықаралық нарықта көмірсутек шикізаты бағасының төмендеуі немесе кенет ауытқуы
- Қазақстан Республикасының көліктік және өндірістік инфрақұрылымының жеткілікті түрде дамымауы - бұл факторлар мұнай компаниясымен мұнай мен газды ішкі және сыртқы нарықтарға тасымалдау кезінде проблемаларды туындатады.

**23. Қоғамдағы лицензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеу және қазу шығындары, соның ішінде қоғам демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелерінің шығындары туралы ақпарат.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның лицензиялары (патенттері) болған жоқ. Қоғам ешқандай зерттеулерге және әзірлемелерге, соның ішінде зерттеу әзірлемелеріне демеушілік жасаған жоқ.

**24. Соңғы екі жылдағы немесе акционерлік қоғамның қызмет ете бастаған мерзіміндегі өнімді сату (жұмыстарды, қызметтерді орындау) көлемі.**

Акционерлік қоғамның қызмет ете бастаған мерзімінде ешқандай өнімдер сатылмады (жұмыстар, қызметтер орындалмады).

**25. Қоғамның өз өнімінің сатылуын ұйымдастыру (жұмыс, қызмет көрсету) бойынша қызметі.**

**1) Қоғам пайдаланатын тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінің 5 және одан артық пайызын иемденетін Қоғам жеткізушілерінің атауы және олардың орналасқан жері.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған күні Қоғам пайдаланатын тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінің 5 және одан артық пайызын иемденетін Қоғам жеткізушілері жоқ.

**2) Қоғам өндіретін тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінің 5 және одан артық пайызын иемденетін Қоғам жеткізушілерінің атауы және олардың орналасқан жері.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған күні Қоғам өндіретін тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінің 5 және одан артық пайызын иемденетін Қоғам жеткізушілері жоқ.

**26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:**

**1) мезгілдік сипатқа ие қызмет түрлері, акционерлік қоғамның жалпы кірістегі олардың үлесі**

Қоғам мезгілдік сипатқа ие қызмет түрлерімен айналыспайды.

**2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстағы, қызметтегі) импорт үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі акционерлік қоғаммен экспортқа сатылатын өнім (жұмыс, қызмет) көлемі**

Проспектіні уәкілетті органға тіркеу үшін ұсынған кезде, Қоғамда, Қоғам жеткізетін (орындайтын/көрсететін) шикізаттың экспортталуы және/немесе импортталуы (жұмыстар, қызметтер) болған жоқ.

**3) сот процесіне акционерлік қоғамның қатысу туралы мәліметтері. Нәтижесінде акционерлік қоғам қызметін тоқтататын немесе өзгертетін, одан ақшалай өндіріп алу және өзге міндеттемелерді талап ететін қоғам қатысатын сот процестерінің сипаттамасын ұсыну қажет.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғам ешқандай сот процестеріне қатысқан жоқ.

**4) Соңғы жылдар бойынша акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен салынған барлық әкімшіліктік салықтар туралы мәліметтер**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде соңғы жыл ішінде Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен әкімшілік жазалар қолданылған жоқ.

**5) Тәуекел факторлары.**

- **Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялар бағасына, сонымен қатар нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ететін, қоғам акциясының бағасына әсер ететін тәуекелдер**

Қоғам бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялар бағасына, сонымен қатар нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ететін, қоғам акциясының бағасына әсер ететін тәуекелдер ретінде келесі факторларды қарастырады:

- Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің теріс көрсеткіштері;
- Қазақстандық қор нарығы конъюнктурасының нашарлауы
- Қазақстан Республикасында және әлемдік нарықта макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы салдарынан шикізат өнімдер нарығындағы рецессия тәуекелдері

- **Шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты тәуекелдер**

Көмірсутек шикізаты жақсы сатылатын өнім екендігін және талдаушылардың болжамы бойынша энергетикалық ресурстарды тұтыну артатындығын назарға ала отырып, бәсекеге қабілеттілікке байланысты тәуекелдер жоғары емес.

- **Инфляцияның, девальвацияның артуына, банктің пайыздық ставкаларының өзгеруіне негізделген тәуекелдер**

Қоғам қызметіне инфляцияның, кредиттік ставкалардың, девальвацияның өсуімен және банктік проценттің өзгеруімен байланысты тәуекелдер әсер етеді. Дегенмен, осы тәуекелдер Қазақстан Республикасы экономикалық жағдайы жеткілікті тұрақты болғандықтан, маңызды болып саналмайды.

- **Елдегі саяси жағдайдың өзгеруі – заңнаманың өзгеруіне байланысты тәуекелдер**

Қазақстан Республикасындағы саяси қатардың тұрақтылығын, сондай-ақ, жүргізілетін мемлекеттік саясаттың тиімділігін ескергенде - бұл тәуекел маңызды болып табылмайды.

- **Әлеуметтік факторлармен байланысты тәуекел**

Қоғамның әлеуметтік және кадр саясаты жоғары білікті мамандарды тартуға және қызметкерлерді әлеуметтік игіліктермен барынша қамтамасыз етуге бағытталған. Жоғары білікті қызметкерлердің жетіспеушілік проблемасы тиісті оқу орындарында қызметкерлерді оқыту арқылы, соның ішінде еліміздің кәсіпорындарында оқыту және стажировкадан өту арқылы шешіледі.

## 4. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**27.Инвестициялар.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, бағалы қағаздар, басқа инвестициялар салынған жоқ.

Инвестициялық портфельді басқару, басқа ұйымдардың капиталына қатысу бойынша Қоғамның стратегиясы қарастырылмаған.

**28. Дебиторлық берешек.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның дебиторлық берешегі болған жоқ.

**29. Активтер.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның мүлкі болған жоқ. Қоғамның міндеттемелерін қамтамасыз ететін немесе сенімді басқармаға берілген активтері жоқ.

**30. Қоғамның жарғылық және меншік капиталы туралы мәліметтер**

Қоғамның жарғылық капиталы: 26 220 170 000 (жиырма алты миллиард екі жүз жиырма миллион бір жүз жетпіс мың) теңге.

Қоғамның меншік капиталы 26 220 170 000 (жиырма алты миллиард екі жүз жиырма миллион бір жүз жетпіс мың) теңге.

**31. Заемдар.**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның банктік заемдары, кредиттік желілері жоқ, сондай-ақ, Қоғам облигациялар шығарған жоқ.

**32. Қоғаммен негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты кредиторлық берешек (аванс алынған жеткізушілер алдындағы берешек):**

Проспектіні мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынған кезде Қоғамның кредиторлық берешегі болған жоқ.

## 5. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қоғам қаржы ұйымы болып табылмайды.

## 6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

**(акциялар шығарылымы 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңын қабылдағанға дейін тіркелген қоғамдар үшін)**

Қоғамның акцияларының шығарылымы, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңы қабылданғанға дейін тіркелмейді.

## 7. ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

**45. Акциялар туралы мәліметтер:**

**1) жарияланған акциялар саны, түрлері**: 26 220 170 (жиырма алты миллион екі жүз жиырма мың бір жүз жетпіс) дана жай акциялар

**2) құрылтайшылар арасында орнықтырылатын акциялардың мөлшері және түрлері:** 26 220 170 (жиырма алты миллион екі жүз жиырма мың бір жүз жетпіс) дана жай акциялар

**3) құрылтайшылармен төленетін бір акцияның атаулы құны:** 1 000 (бір мың) теңге

**4) артықшылық акциялары бойынша дивидендтің кепілді мөлшері:** Қоғам артықшылық акциялар шығармайды.

**45-1. Тұрақты банктің жарияланған акцияларының мөлшері, түрлері, атаулы құны туралы мәліметтер (тұрақты банкпен толтырылады).**

Қоғам тұрақты банк емес.

**46. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары.**

Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығарған жоқ.

**46-1. Орналастырылған акциялар санын арттыру (қоғаммен сатып алынған акцияларды шегергенде), қоғамның орналастырылған акциясының бір түрін осы қоғамның басқа түрдегі акциясына айырбастау.**

Қоғам орналастырылған акцияларды (қоғаммен сатып алынған акцияларды шегергенде) арттырған жоқ, қоғамның орналастырылған акциясының бір түрін осы қоғамның басқа түрдегі акциясына айырбастаған жоқ.

**47. Төлем агенті туралы мәліметтер.**

Қоғамның төлем агенті жоқ.

**48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер.**

Қоғамның Тіркеушісі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 28 қазандағы «Бірыңғай бағалы қағаздарды тіркеуші» Акционерлік қоғамының құрылуын мақұлдау туралы» қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 01.12.2011 ж. №1 шешімімен құрылған және Қазақтан Республикасы, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 141-үй (Құрманғазы көшесінің қиылысы), тел. 8 (727) 272-47-60 мекенжайында орналасқан «Бірыңғай бағалы қағаздарды тіркеуші» Акционерлік қоғамы («Бірыңғай бағалы қағаздарды тіркеуші» АҚ) болып табылады.

Бірыңғай Тіркеушімен шарт 2013 жылғы «03» шелдеде №01107-АО жасалды.

**48-1. Қоғам акционерлік инвестициялық қоғам болып табылмайды.**

## 8. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

**49.** ҚР ҚҚА Басқармасының 28.11.08 ж. № 181 қауылысымен жойылды.

**50. Инвесторларға арналған ақпарат**

Инвесторлар қоғам жарғысының және акциялар шығарылымы проспектісінің көшірмелерімен, осы құжаттардың өзгерістерімен және толықтыруларымен, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен Алматы қаласы, Достық даңғылы, 117/6, 6-қабат мекенжайы бойынша таныса алады.

Қоғамның қызметі туралы мәліметті жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдары – «Казахстанская Правда» Республикалық газеті немесе «Егемен Қазақстан» немесе «Юридическая газета».

«Аман Мұнай Эксплорэйшн» АҚ
Уәкілетті өкілі

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Акционерлік қоғамы "Аман Мунай Эксплорэйшн" Акционерное Общество город Алматы Республика Казахстан

Круглов Б. А.

Бас бухгалтер — Белгіленген жоқ

М.П.

**«Аман Мунай Эксплорэйшн» Акционерлік қоғамы**

**Аман Мунай Эксплорэйшн»**
**акционерлік қоғамның**
**жалғыз құрылтайшысы**
**2013 жылғы 05 маусым**
**бекітілді**

# АКЦИЯЛАРДЫ ҚОҒАММЕН САТЫП АЛҒАН КЕЗДЕГІ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Алматы қ.**
**- 2013 -**

## I. ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы әдістеме «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, және «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ Жарғысына сәйкес әзірленді және «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ (әрі қарай – «Қоғам») орнықтырған акцияларды Қоғаммен сатып алу тәртібін және бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында Қоғам акцияларды сатып алған кездегі олардың құнын анықтау әдістемесін белгілейді.

2. Орнықтырылған акцияларды Қоғаммен сатып алу акцияларды одан әрі сату, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің құқықтарын тиісті түрде сақтау мақсатында (Қоғамда акционерге тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу міндеттемесі туындаған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам жарғысына қарама-қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда осы Әдістеменің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қоғаммен акцияларды Қазақстан Республикасының резиденті емес – акционерлерден сатып алуы Қазақстан Республикасының валюта заңнамасымен белгіленген талаптарды ескеріп, Қазақстан Республикасының резиденті – акционерлері үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Осы Әдістемеде қарастырылмаған негіздемелер бойынша акцияларды Қоғаммен сатып алу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Қоғам сатып алған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде есептелмейді және онда дауыс беруге қатыспайды.

6. Орнықтырылған Қоғам сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

7. Осы Әдістеме Қоғам акцияларының шығарылымы проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Акционерлер Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша Әдістемемен таныса алады.

## II. ТАРАУ. ОРНЫҚТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

8. Осы Әдістеменің әрекет етуі Қоғам орнықтырған акцияларды сатып алған жағдайда қолданылады:

    1) Қоғамның бастамасы бойынша;

    2) Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген жағдайларда акционердің талабы бойынша;

    3) Акционердің өтініші бойынша; және

    4) Соттың шешімі бойынша.

9. Мақсатты болған жағдайда Қоғамның атқарушы органы Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам орнықтырған акцияларды онымен сатып алу туралы шешімді қабылдау жөнінде өтінішпен жүгіне алады. Осыған байланысты осы өтінішке келесілерді қамтитын акцияларды сатып алу бойынша ұсыныстар қоса тіркеледі:

    1) Қоғаммен орнақтырылған акцияларды сатып алу мақсаттылығын және сатып алу мақсатын негіздеу;

    2) Қоғамға сатып алуға ұсынылатын Қоғамның орнықтырылған акциялардың саны және түрлері;

    3) Орнықтырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын анықтау әдісі;

    4) Сатып алудың өзге шарттары.

10. Атқарушы органның өтінішімен келіскен жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғаммен орнықтырылған акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

11. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Әдістемемен қарастырылған жағдайларда олармен орнықтырылған акцияларды сатып алуға құқықсыз.

12. Егер Қоғаммен сатып алынатын орнықтырылған акциялардың саны олардың жалпы мөлшерінің бір пайызынан артық болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелер) жасағанға дейін Қоғам өзінің акционерлеріне «Егемен Казакстан», *«Казахстанская правда» немесе «Юридическая газета»* республикалық газеттердің бірінде хабарлама жариялау арқылы осындай сатып алу туралы жариялауға міндетті.

13. Қоғамның орнықтырылған акцияларын сатып алу туралы хабарлама онымен сатып алынатын акциялардың түрлері, мөлшері, оларды сатып алу шарттары, Қоғам сатып алатын акцияларды сатуға өтінімдерді қабылдау күні және акцияларды сатып алу және Қоғам оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзімі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

14. Қоғам белгіленген мерзім ішінде акцияларды сатуға өтінім берген және акцияларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау аяқталған күні сағат 00.00 жағдай бойынша осындай болып табылатын акционерлерден акцияларды сатып алады.

15. Орнықтырылған акцияларды Қоғаммен сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзім аяқталғаннан кейін Қоғам акцияларын сатып алуға акционерлермен ұсынылған акциялардың мөлшері Қоғаммен сатып алуға жарияланған акциялардың мөлшерінен артық болған жағдайда, осы акциялар акционерлерден Қоғаммен есептелетен пропорция коэффициенті негізінде оларға тиесілі акциялар санына тең мөлшерде сатып алынады.

16. Қоғам сатып алатын орнықтырылған акциялардың мөлшері орнықтырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан артық болмауы тиіс, орнықтырылған акцияларды сатып алуға шығындар Қоғамның меншік капиталының мөлшерінен он пайыздан артық болмауы тиіс:

1) Акционердің талабы бойынша орнықтырылған акцияларды сатып алған кезде — Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерге оған тиесілі Қоғам акцияларын сатып алуды талап етуге құқық беретін бір немесе бірнеше шешімдерді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (Жалғыз Акционер) қабылдаған күнгі жағдай бойынша;

2) Қоғамның бастамасымен орнықтырылған акцияларды сатып алған кезде – орнықтырылған акцияларды Қоғаммен сатып алу туралы шешімді қабылдан күнгі жағдай бойынша.

17. Сатып алынатын акциялардың және Қоғаммен акцияларды сатып алуға жұмсалатын қаражаттардың мөлшері осы Әдістеменің 16-тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген мәндердің ең төменгі мәнінен артық болмауы тиіс.

18. Қоғам акционерлерінен онымен акциялар сатып алынатын Пропорция коэффициенті келесі түрде есептеледі:

**К = Q / Tq,** мұндағы:
**К** – Пропорция коэффициенті;
**Q** – Қоғаммен сатып алуға жарияланған акциялардың жалпы саны;
**Tq** –Қоғамның орнықтырылған сатып алуға жарияланған акциялардың жалпы саны.

19. Қоғаммен акционерден сатып алынатын акциялардың соңғы мөлшері акционермен сатып алуға жарияланған акциялардың мөлшерін пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі. Егер жоғарыда сипатталған есепті қолдану қорытындысы бойынша Қоғаммен акционерден сатып алынатын акциялардың саны акциялардың тұтас санына тең болмаса, онда осындай акционерден Қоғаммен сатып алынатын акциялардың мөлшері төмен немесе жоғары санға қарай дөңгелектеледі.

20. Қоғаммен орнықтырылған акцияларды онымен сатып алу Қоғаммен акционерді (акционердің өкілін), оның құқықтық қабілетін немесе әрекет етуге қабілеттілігін, оның меншік құқығындағы оған тиесілі Қоғам акцияларының мөлшерін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте Тараптармен Акцияларды сатып алу-сату шартына және Акцияларды есептен шығару/есептеу және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін тіркеу туралы бұйрықтарға қол қоюды растағаннан кейін жүзеге асырылады.

21. Акцияларды есептен шығару/есептеу туралы бұйрықтар (әрі қарай – «Бұйрықтар») акционердің дербес шотынан акцияларды есептен шығару және Қоғамның акция ұстаушыларының реестрі жүйесінде сатып алынған бағалы қағаздарға арналған Қоғамның шотына оларды есептеу негіздемесі болып табылады.

22. Бұйрықтар орындау үшін Тіркеушіге беріледі.

23. Акцияларды сатып алу-сату туралы шарт міндетті түрде сатып алынатын акцияларды төлеу арқылы қолма-қол ақшасыз аудару үшін акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәліметтерді немесе акционерлер сатып алынатын акцияларды (акционерлер – жеке тұлғалар үшін) төлеуге қолма-қол ақшаны алу орны, тұрғылықты дәл мекенжайы және байланыс телефоны туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

24. Осы Әдістеменің 23-тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеу Қоғам офисінде немесе Тіркеушіде жүзеге асырылады.

25. Акцияларын сатуға ниетті акционерлерден орнықтырылған акцияларды Қоғаммен сатып алу бойынша құжаттарды ресімдеу кезінде акционердің (акционер өкілінің) жеке басын растайтын мерзімі өткен жарамсыз құжаттар, уақытша жеке куәліктер, сонымен қатар ескі үлгідегі төлқұжаттар қабылданбайды.

26. Акцияларды сатып алу бойынша акционермен соңғы есеп-айырысу Акцияларды сатып алу-сату шартымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

## III. ТАРАУ. ҚОҒАМ БАСТАМАСЫМЕН ОРНЫҚТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ

27. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және Қоғам Жарғысымен өзгесі белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционердің келісімімен оларға орнықтырылған акцияларды сатып алуды Қоғам өзінің бастамасымен жүзеге асыруға құқылы.

28. Қоғам келесі жағдайларда өзінің орнықтырылған акцияларын сатып алуға құқықсыз:
    - акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
    - құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру қорытындылары туралы бірінші есепті бекіткенге дейін;
    - егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншік капиталының мөлшері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген меншік капиталының ең төменгі мөлшерінен аз болса;
    - егер Қоғаммен сатып алу кезінде Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамаға сәйкес төлем қабілеттілігінің немесе әрекет ету қабілеттілігінің белгілері байқалса немесе аталмыш белгілер Қоғамда барлық талап етілетін немесе сатып алуға ұсынылатын акцияларды сатып алу нәтижесінде туындаса;
    - егер сотпен немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен (Жалғыз Акционермен) Қоғамды тарату туралы шешім қабылданса;
    - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Қоғам Жарғысымен қарастырылған өзге жағдайларда.

29. Қоғамның орнықтырылған акцияларды сатып алу туралы шешімі акциялардың түрлері, мөлшері, сатып алу бағасы, сатып алуға өтінімдер қабылданатын мерзімі туралы мәліметтерді және акциялар сатып алынатын мерзім және Қоғам сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзім туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

30. Қоғаммен орнықтырылған акцияларды сатып алуға өтінім қабылданатын мерзім аяқталғаннан кейін Қоғамның жауапты қызметкерлері Қоғам акцияларын сатып алуға акционерлермен жарияланған акциялар санын Қоғаммен сатып алуға ұсынылған акциялар санымен салыстырады және пропорция коэффициентін (қажет жағдайда) есептейді.

31. Сатып алынған бағалы қағаздарға арналған Қоғам шотына акцияларды есептеу туралы акционерлердің реестрінен алынған үзінді негізінде Қоғамның жауапты қызметкері ақшаны аудару үшін Қоғамның бухгалтериясына акционердің толық атауын немесе

ТАӘ, акционердің (акционер өкілінің) жеке басын растайтын құжатты, акционердің БСН және СТН (егер қажет болса) және ақшаны есептеу үшін банктік деректемелерді көрсетумен Өкімді (әрі қарай – Өкім) дайындайды. Өкімге қосымша Қоғамның жауапты қызметкері Акцияларды сатып алу-сату шартының түпнұсқаларын ұсынады.

32. Бухгалтерия Өкімде көрсетілген деректерді Акцияларды сатып алу-сату шартында көрсетілген мәліметтермен салыстырады және Акцияларды сатып алу-сату шартында акционермен көрсетілген деректерге ақшаның аударылуын жүзеге асырады**.**

33. Ұзақ уақыт ішінде акцияларды сатқан тұлғалармен талап етілмеген сомалар олардың ағымдағы/жинақ шотында талап еткенге дейін қалады.

34. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам Жарғысына қарама-қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен сатып алынған акцияларды сату туралы шешімді қабылдауға құқылы.

## IV. ТАРАУ. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ

35. Орнықтырылған акцияларды сатып алу келесі жағдайларда Қоғамға ұсынылатын акционердің талабы бойынша Қоғаммен жүзеге асырылады:

    1) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен Қоғамды қайта құру туралы шешім қабылданған жағдайда (егер акционер Қоғамды қайта құру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және оған қарсы дауыс берсе);

    2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылданған жағдайда (егер акционер Қоғам акцияларының делистингі құру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және оған қарсы дауыс берсе);

    3) Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім сауда-саттықты ұйымдастырушылармен қабылданған жағдайда;

    4) Ірі мәмілені жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген жағдайда;

    5) Акционерлерінің жалпы жиналысымен осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда (егер акционер осындай шешім қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осындай жиналысқа қатысып, бірақ аталмыш шешімнің қабылдауына қарсы дауыс берсе).

36. Осы Әдістеменің 35-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер болған жағдайда, Акционерлерінің жалпы жиналысымен немесе Директорлар кеңесімен тиісті шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде акционер Қоғамға тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты Қоғамға ұсынуға құқылы болған жағдайда.

37. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші акционермен сатып алуға ұсынылатын акцияларды сатып алу туралы анық және бір мәнді талапты, акциялардың мөлшеріне және түрлеріне нұсқауды, сонымен қатар акционердің мекенжайы және байланыс телефондарын қамтуы тиіс.

38. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның орналасқан мекенжайы бойынша ресми мекенжайына жіберіледі.

39. Аталмыш өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Қоғам акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

40. Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің акцияларды сатып алу туралы талабын Қоғам акционердің өтінішін алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей қарастыруы тиіс.

41. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Әдістеменің 35-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер болмаған жағдайда, сондай-ақ, заңнамамен белгіленген және Қоғаммен орнықтырылған акцияларды онымен сатып алуды жүзеге асыруға тыйым салатын өзге жағдайларда акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Қоғам акционерге Қоғамның Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде бас тарту себебін көрсетумен акцияларды сатып алудан бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

42. Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде сатып алу туралы өтініш берген акционерге Қоғаммен акционерге тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданғандығы жөнінде хабарламаны, Акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесін қамтитын мәліметті жібереді.

43. Қоғаммен акцияларды сатып алу осы Әдістеменің 2 және 3 тарауымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талаптарды ескеріп жүзеге асырылады.

## V. ТАРАУ. АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ

44. Қоғаммен өзінің бастамасымен акцияларды сатып алу немесе акционердің талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген жағдайлардан басқа, акционердің өтініші бойынша орнықтырылған акцияларды Қоғаммен сатып алу келесі түрде жүргізіледі:

    1) Қоғам Акционеріне тиесілі Қоғам акцияларын сатуға ниетті акционер оған тиесілі акцияларды Қоғаммен сатып алу туралы өтінішпен жүгіне алады.

    2) Акционердің оған тиесілі акцияларды Қоғаммен сатып алу туралы өтініші жазбаша түрде ұсынылады және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы анық және бір мәнді ұсынысын, акционермен сатуға ұсынылатын акциялардың мөлшері, сатуға ұсынылған баға және мәміленің өзге маңызды шарттары туралы нұсқауды, сондай-ақ, акционердің мекенжайы мен байланыс телефондарын қамтуы тиіс.

3) Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші акционермен Қоғамға оның ресми орналасқан мекенжайына жіберіледі.

4) Акционермен ұсынылатын акцияларды сатып алу туралы өтініш акционер жүгінген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесімен қарастырылуы тиіс. Акционердің Қоғамға жүгіну күні Қоғаммен акционердің өтінішін тіркеген күн болып табылады.

5) Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің өтінішінде мазмұндалған акцияларды сатып алумен/мәміле шарттарымен келіспеген жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі акционермен ұсынылған акцияларды сатып алудан бас тартуға немесе Қоғамның Атқарушы органымен мәміле шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөздер жүргізуге құқылы.

6) Сатып алу туралы шешім немесе сатып алудан бас тарту Қоғамның Атқарушы органынан Қоғам акционерімен жүргізілген келіссөздер қорытындысы туралы ақпаратты алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннің ішінде Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданады.

7) Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған жағдайда, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды ұсынған акционерге Қоғаммен акционерге тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданғандығы жөнінде хабарламаны, сатып алу бағасы, Акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ, акционер Қоғам акцияларын сату ниетін қанағаттандыру мақсатында жүгіне алатын мекенжайды және телефон нөмірлерін, сонымен қатар акционер Акцияларды сатып алу-сату шартын жасау үшін келу мерзімін және Қоғам акцияларды сатып алудан бас тартуға болатын мерзімді қамтитын мәліметті жібереді.

## VI. ТАРАУ. ҚОҒАМ БАСТАМАСЫМЕН, АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ БАҒАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

45. ***Қоғамның бастамасымен*** акцияларды сатып алу бағасын анықтау келесі әдістеме бойынша жүргізіледі:

1) Сатып алуды жүргізу күні анықталады.
2) Сатып алуды жүргізу күніне дейінгі айдың соңғы күнінде Қоғам акцивтерінің балanстық құны (А) анықталады.
3) Сатып алуды жүргізу күніне дейінгі айдың соңғы күнінде Қоғам міндеттерінің (О) жалпы құны анықталады.
4) Қоғамның меншік капиталының бағалау құны (К) Қоғам активтерінің баланстық құны (А) мен Қоғам міндеттері (О) арасындағы айырма ретінде анықталады:

$$\mathbf{K = A - O}$$

5) Қоғам акцияларының құны (Р) Қоғамның меншік капиталының бағалау құны (K) мен орнықтырылған акция мөлшерін (n) (сатып алынған акцияларды шегергенде) жеке бөлу ретінде анықталады:

$$\mathbf{P = K / n}$$

46. ***<u>Акционердің талабы бойынша</u>*** акциялардың бағасын анықтау әдістемесі бойынша жүргізіледі Қоғамның бастамасымен акциялардың құнын есептеу әдістемесіне ұқсас.

47. Акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алған кезде акционердің өтініші бойынша Қоғаммен акцияларды сатып алу бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді.

## VII. ТАРАУ. СОТ ШЕШІМІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

48. Сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу тәртібі:

1) Күшіне енген Сот шешімі болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі, егер өзге мерзім сот шешімінде көрсетілмесе, Қоғамға сот шешімі келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде акционерге тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы. Қоғамға сот шешімінің келіп түскен күні Қоғамға сот шешімінің келіп түсуін тіркеу күні болып саналады.

2) Қоғамға заңды күшіне енгенге дейін сот шешімі түскен жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесімен акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдау үшін аталмыш мерзім сот шешімі заңды күшіне енген күннен басталады.

3) Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде акционерге Қоғаммен акционерге тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданғандығы жөнінде мәліметті, сатып алу бағасы, Акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесін қамтитын хабарламаны жібереді.

4) Сот шешімі бойынша Қоғаммен акцияларды сатып алу тәртібі акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу тәртібін реттейтін осы Әдістеменің V тарауының нормаларын қарастырады.

49. Сот шешімі бойынша Акциялардың сатып алу бағасын анықтау әдістемесі:

1) Егер сот шешімімен өзгесі қарастырылмаса, соттың шешімі негізінде Қоғаммен акцияларды сатып алу бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Атқарушы органына Қоғаммен акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге келу үшін акционермен келіссөздер жүргізуді тапсыруға құқылы.
2) Орнықтырылған акцияларды Қоғаммен сатып алу бағасын анықтау кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады, сондай-ақ, Қоғамның меншік капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына және акцияның баға айналымына әсер ететін өзге факторларға сәйкес оның өзгеру перспективаларын ескереді. Сот шешімі бойынша акцияларды

сатып алу бағасын анықтау әдістемесі Қоғамның бастамасы бойынша Акциялардың сатып алу бағасын анықтау әдістемесіне ұқсас.

## VIII. ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50. Осы Әдістеме Құрылтайшымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

51. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғам жарғысының өзгеруі салдарынан осы Әдістеменің кейбір баптары онымен қарама-қайшы болса, Әдістеме қолданыстағы заңнамаға және Қоғам Жарғысына қарама-қайшы болмайтын бөлікте қолданылады.

**«Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ**

**Аман Мунай Эксплорэйшн»**
**акционерлік қоғамның**
**жалғыз құрылтайшысы**
**2013 жылғы 05 маусым**
**бекітілді**

# «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ таза кірісін бөлу тәртібі

**Алматы қ.**
**2013 ж.**

## I. Жалпы ережелер

1. Осы «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ таза кірісін бөлу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ Жарғысына және басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Тәртіпте келесі анықтамалар қолданылады:
   **Қоғам** - «Аман Мунай Эксплорэйшн» АҚ;
   **Акционер** – Қоғамның жәй акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлға;
   **Дивидендтер** – Қоғам төлейтін Акционерге тиесілі Қоғамның жәй акциялары бойынша оның кірісі;
   **Акционерлердің Жалпы жиналысы** – Қоғамның жоғарғы органы;
   **Таза кіріс** – кезең үшін салық төлемдері бойынша шығындарды қоса алғанда, кіріс пен шығыс арасындағы айырма;
   **Бөлінбеген пайда** – Акционерлерге бөлінбеген және Қоғам билігіндегі өткен жылдың жиналған таза кірісі.

3. Тәртіптің мақсаты Қоғам мен Акционерлердің мүдделерінің теңгерімін және Қоғамның таза кірісін бөлу кезінде айқын қарым-қатынасты қамтамасыз ету болып табылады.

4. Қоғамның саясаты құрметке және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам жарғысымен және оның ішкі құжаттарымен көзделген Акционерлердің құқықтарын қатаң сақтауға негізделген. Тәртіп Акционерлердің амандығын арттыруға, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын және оның капиталдануын арттыруға бағытталған.

5. Осы Тәртіпке, Қазақстан Республикасының заңнама ережелеріне, Қоғам Жарғысымен және (немесе) ішкі нормативтік актілеріне сәйкес анықталатын тиісті мерзімде Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір тұлғаға тиесілі болған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Осы Тәртіппен Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер осындай Акционермен дара қабылданады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен қарастырылған шектеулерді ескеріп, жазбаша нысанда ресімделеді.

## II. Таза кірісті бөлудің негізгі шарттары

6. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына жыл сайын аудиті Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептіліктермен қатар, Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысына аудиторлық есептерді ұсынады.

   Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей Директорлар кеңесімен алдын ала бекітіледі.

   Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін соңғы бекіту Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен жүргізіледі.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен мерзімде жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

7. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның атқарушы органының ұсынысы негізінде Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржы жылының таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жәй акциясына есептелген дивидендтің мөлшері туралы ұсынысты ұсынады.
Акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның бір жәй акциясына есептелген дивидендтің мөлшері туралы шешімді қабылдау үшін ұсынылған материалдар дивидендтерді төлеуге қажетті шарттардың болуы/болмауы туралы барлық қажетті ақпаратты қамтуы тиіс.

8. Акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына таза кірісті бөлу және дивиденд мөлшері бойынша негіздемені Директорлар кеңесімен дайындау кезінде таза кірісті бөлуге әсер ететін келесі негізгі факторлар ескерілуі тиіс:

(а) Қоғаммен нақты алынған таза кіріс мөлшері;
(б) Қоғамның төлем қабілеттілігінің және қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері;
(в) Қоғамның стратегиялық даму мақсаттарын қамтамасыз ету, соның ішінде

- Арттыруға бағытталған капиталдық салымдарды қаржыландыру;
- Тиісті тәртіппен бекітілген жобаны қаржыландыру құрылымына сәйкес жеке қаражаттарды талап ету бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
- Борыштық міндеттемелерді өтеу;
- Бекітілген тәртіпте келісілген басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына (акцияларды сатып алу) салымдарды қаржыландыру;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге факторлар.

9. Егер Қоғамның міндеттемелеріне қайшы болмаса, Қоғамның Директорлар кеңесі өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және бір жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсынысты дайындау кезінде дивидендтерді төлеуге бағытталған сома Қоғамның таза кірісінің 40 пайызынан кем емес мөлшерді құрайтындығын ескереді. Таза кірістен артық болатын дивиденд сомалары бөлінбеген пайдадан есептеледі. Дивидендтерді есептеу үшін Қоғамның бөлек (біріктірілмеген) қаржылық есептілігі негізінде есептелген Қоғамның таза кіріс мөлшеріне қолданылады.

Осыған орай Қоғамның Директорлар кеңесі, егер бұл Директорлар кеңесінің пікірі бойынша Қоғам мен Акционерлердің ұзақ мерзімді мүдделеріне жауап берсе, тиісті қаржы жылындағы Қоғамның нақты нәтижелерін, қоғамның жалпы салалық динамикасын және капиталды (инвестициялық) шығын бағдарламаларын ескеріп, дивидендтерді төлеудің 40 пайыздан төмен деңгейін ұсынуға құқылы. Бұл ретте дивидендтерді төлеуге бағытталған сома Қоғамның тиісті қаржы жылындағы таза кірісінің 10 пайызынан кем болмауы тиіс, бұған Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Тәртіппен белгіленген жағдайлар кірмейді.

Тоқсан немесе жарты жылдық қорытынды боынша дивидендтер төленген жағдайда нақты аралық төлемдер сомасы тиісті қаржы жылындағы дивидендтерді төлеу кезінде ескеріледі.

10. Дивидендтерге бөлінбеген таза кіріс Қоғамның мақсаттары мен мәселелеріне сәйкес бекітілген тәртіпте қолдану үшін Қоғамның билігінде қалады.

11. Бір жәй акцияға есептелген дивиденд мөлшері Акционерлердің Жалпы жиналысымен Қоғамның орналастырылған (сатып алынғанды шегергенде) жәй акцияларының мөлшеріне бөлінген жәй акциялардың дивидендтеріне бөлінген сомаға сүйеніп анықталады.

## III. Дивидендтерді төлеуге шектеулер

12. Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

(а) меншік капиталының мөлшері теріс болғанда немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның жәй акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;
(б) егер Қоғам төлеуге қабілетсіз болса немесе Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңнамасына сәйкес банкрот деп танылса немесе аталмыш белгілер Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде туындаса;

13. Қоғамның өзімен орналастырылмаған немесе сатып алынбаған жәй акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

## IV. Қорытынды ережелер

14. Тәртіпте реттелмеген мәселелер Қоғамның жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

15. Тәртіп Қоғамның акцияларды шығару проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитеті»

ТІРКЕДІ

20 13 ж. « 01 тамыз »

Прошито и пронумеровано.
Всего на 104 листах.

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы
Акционерлік қоғамы
"Аман Мунай Эксплорэйшн"
Акционерное Общество
город Алматы Республика Казахстан